



**«АЭС Шүлбі ГЭС» ЖШС
сапа, экология, кәсіби денсаулықты сақтау
және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету,
энергоменеджмент
саласындағы кіріктірілген саясат**

«АЭС Шүлбі ГЭС» ЖШС (бұдан әрі - Кәсіпорын) энергия өндіруші ұйым бола отырып, электр энергиясын сату келісім-шарттары бойынша міндеттемелерді сенімді орындау үшін электр энергиясын өндіруді жүзеге асырады.

Кәсіпорынның басым мақсаты өндірістің жоғары сенімділігінде электр энергиясын сатып алушылардың қанағаттанушылықтарын арттыру, жұмысты қауіпсіз орындау, қызметкерлер мен басқа мүдделі тұлғалардың өмірі мен денсаулығы үшін тәуекелдерді жою, қолайлы қоршаған ортаны сақтау болып табылады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының энергетика министрлігінің ел экономикасының өсіп келе жатқан қажеттіліктерін үздіксіз қамтамасыз ету бойынша мақсатын орындау болып табылады, Кәсіпорынның мақсаты - негізгі және көмекші жабдықтың толық регламенттік жұмыс көлемін орындау.

Осы мақсатқа қолжеткізу үшін Кәсіпорында процестік амалға, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінің талаптарына негізделген және денсаулықты қорғау мен еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сапа, экология және энергоменеджмент саласында Кәсіпорын қызметін жақсартуға арналған құрал болып табылатын ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 18001, ISO 50001 стандарт талаптарына сай Кіріктірілген менеджмент жүйесі (КМЖ) жұмыс істейді және үнемі жетілдіріледі.

Электр энергиясын сатып алушылар, Кәсіпорын қызметкерлері мен басқа мүдделі тұлғалардың алдында жұмыс нәтижелері үшін жауапты бола отырып, Жоғары басшылық өзіне КМЖ саласында төмендегідей міндеттемелерді алады:

- Кәсіпорын қызметкерлерінің, мердігерлердің жараяттарының және денсаулық жағдайының нашарлауының алдын алу, қоршаған ортаның ластануын алдын алу және үнемі жақсарту, энергия қорларын ұтымды пайдалану, активтерді басқару.

- Электр энергиясын сенімді сатушы болу, келісім-шарт міндеттемелерін сақтау;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, ISO, OHSAS халықаралық стандарттарының талаптарын сақтау;

- Әрбір қызметкердің үнемі оқу, біліктілігін және жалпы мәдениетін арттыру, өз қызметінің сапасы үшін, денсаулықты сақтау жай-күйі мен еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, экология, энергияны үнемдеу, энергия тиімділігі үшін жауапкершілікті түсіну процесін ұйымдастыру;

- Менеджментті және денсаулықты сақтау мен еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сапа менеджментінің нәтижелілігін үнемі жақсартуға, энергоменеджментті, экология көрсеткіштерін жақсарту үшін экология менеджментін үнемі жақсартуға тырысу;

- Мердігерлік ұйымдардан денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін, сапа, экология, энергияны үнемдеуді қамтамасыз ету саласындағы нормалар мен талаптардың орындалуын талап ету.

Жоғары басшылық Саясатты барлық қажетті қорлармен қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді өзіне алады, әрбір қызметкер оны өз құзыреттілігінің шегінде жүзеге асыру үшін жауапты болады.

**«АЭС Шүлбі ГЭС» ЖШС
Бас директоры**



А. Балабатыров
«10» мамыр 2018